

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
ӨКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
"Т.РЫСҚҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ"
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
ШЫҒЫС № 13-02/29
10. 01 2024 ж.

МЕКЕМЕ БАСШЫЛАРЫНА

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі Сізге жас ұрпақтың бойына туған жерге деген сүйіспеншілік, патриоттық сезімді қалыптастыру мақсатында 2024 жылдың 01 ақпан күні Мұқағали Мақатаевтың туылған күніне арналған «Жырлайды жүрек!» атты аудандық шығармашылық байқауы Көкдөнен ауылдық мәдениет үйі базасында өткізілетіндігі туралы хабарлайды.

Осыған байланысты, аудандық ережені қосымша жолдай отырып, 2024 жылдың 26 қаңтар күніне дейін oner.mektebi.07@mail.ru электронды почтасына өтінімді жіберулеріңізді тапсырады.

Қосымша: 2 парақта (ереже)

**Т.Рысқұлов ауданының
білім бөлімінің басшысы**



М.Базарова

Орындаған: Г.Ногайбаева
Тел: 2-14-10

«БЕКІТЕМІН»
Т.Рысқұлов ауданының
білім бөлімінің басшысы
М.Базарова
« » 2024 жыл

Мұқағали Мақатаевтың туылған күніне арналған «Жырлайды жүрек!»
атты аудандық шығармашылық байқауының
ЕРЕЖЕСІ

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі және Өнер мектебі Мұқағали Мақатаевтың туылған күніне арналған «Жырлайды жүрек!» атты аудандық шығармашылық байқауын ұйымдастырады.

Өтілетін күні, уақыты: 01 ақпан, 2024 жыл сағат 09.00-де Көкдөнен ауылдық мәдениет үйінде өтеді.

Байқауға мектепшілік іріктеуден өткен оқушылар жас ерекшеліктері бойынша қатысады.

Тіркеу уақыты: 8:30

Басталуы: 9:00

Сұрақтар бойынша байланыс телефон номері: 87758701537, 87052408870
Тыныстанова Эльмира Идатовна

Байқаудың мақсаттары мен міндеттері:

- Жас ұрпақтың бойына туған жерге деген сүйіспеншілік, патриоттық сезімді қалыптастыру;
- Дарынды ұл-қыздардың талантын шыңдап, өнерге басқан алғашқы қадамдарын қолдау;
- Балалардың көркем шығармашылығын, эстетикалық талғамын қалыптастыру, тіл байлығын дамытып, өнерге шыңдау;
- Балалардың орындаушылық шеберлігін арттыру, дарынды балаларды кәсіби және шығармашылық тұрғыдан әрі қарай дамыту;
- Қазіргі кезеңдегі креативті-шығармашылық ізденіске ұмтылдыру.

Байқаудың өтілу шарты

Байқау төмендегі номинациялар бойынша өтеді:

-**Көркемсөз** (регламент 3 минуттан аспау керек)

-**Сахналық қойылым** (регламент 10 минуттан аспау керек)

Байқауға қатысатын балалардың жас ерекшеліктері:

- 7-11 жас

- 12-14 жас

- 15-17 жас

Ескерту: Номинациялар бойынша әр мектептен 1 оқушы әр жас ерекшелігіне қарай қатыса алады.

Бағаланатындар:

-Тіл тазалығы

-Сахна мәдениеті

-Киім үлгісі

-Актерлік шеберлігі

Байқауға қатысушылардың өтініштері: 26 қаңтар күні сағат 17:00-ге дейін oper.mektebi.07@mail.ru электронды почтасына қабылданады. Мерзімінен кешіктірілген өтініштер аудандық байқауға қатыстырылмайды. Өтініштер міндетті түрде мектеп директорының қолы мен мөрі және тіркелу қажет.

-Бас жүлде – дипломы;

-I,II,III орын дипломдар;

Қазылар алқасы мүшелерінің шығарған шешімі бойынша ешқандай қарсылық қаралмайды.

Өтініш үлгісі

Қатысушының аты-жөні	
Жасы:(туған күні, айы, жылы)	
Мекені (аудан)	
Номинациясы (бөлімі)	
Орындайтын шығармасы	
Жетекшісі	
Жетекшінің телефоны	
Эл. почтасы	